

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫң ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Елемесова Ж.М.

elemesova260198@mail.ru

Қазақстан, Нұр-Сұлтан, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші – Муталиева А.Ш.

Коронавирустық пандемия бүгіл әлемдегі білім беру саласына айтарлықтай әсер етті. Бүгінгі таңда оқу орындары, оқушылар, студенттер мен оқытушылар қысқа және жылдам уақытта қашықтықтан толықтай оқуға мәжбүр болды. Қашықтықтан оқыту 1728 жылдан бастап пайда болғанымен, тек XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа технологиялардың пайда болуымен даму процесін жеделдепті. Тек сол кезден бастап әртүрлі форматтарда және білім алушылардың көпшілігіне ұсынылуда [1-199]. Пандемия жағдайында білім берудің балама түрлерін іздеу кең етек алды. Көптеген елдер қашықтықтан оқытудың әртүрлі түрлерін қолдана бастады. Олар: сабактарды телевизорлар арқылы тарату, арнайы алаңдарда видео сабактарды жариялау, радио арқылы, электронды пошта арқылы сабактарды өткізу және т.б. түрлері тәжірибеле енгізіліп жатыр. Әрбір ел галамторға қол жетімділікті, техникалық инфрақұрылымды, қашықтықтан оқытуға мазмұнды бейімделуді ескере отырып, мектеп оқушылары мен студенттерге мүмкіндігінше тезірек қашықтықтан оқыту процесін жасау үшін ең қолайлы нұсқаны таңдады. Қазақстандық мектептерде сабактар ZOOM, Google Classroom арқылы қашықтықтан оқытыла бастады. Келесі оқу жылы да осы форматта оқытылуы дұрыс екендігін 14 шілдеде Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой атап кеткен болатын [2].

Қашықтықтан оқыту білім алушыға пандемия жағдайында денсаулығына қауіпсіз түрде білім алуша, шығармашылық даралықты, адамгершілік және интеллектуалдық сапаны дамыту мен танытуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Қашықтықтан оқыту – заманауи және дәстүрлі ақпараттық технологияларды қолдана отырып, арнайы құрастырылған оқу материалдарын оқуға арналған оқушылардың өзін-өзі реттеуге негізделген білім берудің интеграцияланған түрі. Қашықтықтан оқытуды келесідей сипаттауға болады:

оқытушы мен білім алушының арасындағы келісімнің болуы;  
оқытушы мен білім алушының бөлек кеңістіктеге орналасуы;  
үздіксіз оқыту;

білім алушы мен оқу материалдарының өзара әрекеттесуі;

арнайы әзірленген оқу құралдары [3-32].

Компьютерлік технологияны біздің өмірімізге кеңінен енгізудің көптеген психологиялық салдары бар. Әлемдік әдебиеттерде адамды жаңа ақпараттық технологияларға үйретумен байланысты әртүрлі психологиялық құбылыстар орын алады. Кейбір зерттеушілер

компьютерлік технологиялар адамның ішкі әлеміне зиян келтіреді деген ойда, яғни, пайдаланушыға танымдық және эмоционалдық бұзылуармен бірге экзистенциалды дағдарысты бастаң кештіреді деп болжайды. Компьютерлік технологияларды үздіксіз пайдалану тұлғаның құндылықтар жүйесін, әлемге деген көзқарасын бұрыс өзгертеуді. Компьютерлік технологиялармен өзара әрекеттесудің жоғары дәрежесінде болған адамдарда: интроверсия, алаңдаушылыққа бой алдыру, қарым-қатынаста фригидтілік және эмоционалды сүйкітылық, әмпатияның болмауы, жанжалга бейімділік, өзімшілдік және жауапсыздық байқалады. Компьютермен көп жылдық байланыста болған адамдардың жағымды психологиялық сипаттамалары да бар. Олардың қатарына мақсатқа жетудегі табандылық, тәуелсіздік, жеке критерийлерге сүйене отырып шешім қабылдауға бейімділігі, жоғары интеллект, тайм-менеджмент, креативтілік пен ұтқырлық жатады.

Қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу, қолдану барынша тиімді болу үшін білім алушылардан жоғары еңбекқорлық талап етіледі. Жоғары сынып оқушылары жақында ересектік өмірге қадам басады, таңдаған мамандықтарына білім ауды мақсат етеді. Жастар - қогамның әлеуметтік ресурсы. Олар болашақты анықтайды [4-71]. Сол себепті, оларға қашықтықтан оқытудан барынша жақсы нәтиже алу маңызды. Бұл үрдістің сәтті не сәтсіз өтуі жоғары сынып оқушыларының жеке қасиеттеріне тікелей қатысты. Қашықтықтан оқыту психологиясы бойынша әдебиеттерге шолу қашықтықтан білім беруде оқушылардың мотивациялық және тұлғалық дамуы негізгі фактор екендігі анықталды. Білім ауга мотивация, жетістікке жету мотивациясы, өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу сияқты өмірлік маңызды белгілері үлкен рөл атқарады.

Қашықтық технологияларды қолдану оқушылардың жоғары дербестігі мен өзін-өзі үйимдастыруын талап етеді. Екінші жағынан, бұл технологиялар оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға айтарлықтай әсерін тигізеді. Қашықтықтан оқытудың жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуына психологиялық әсерін анықтау үшін Нұр-Сұлтан қаласындағы Жанатұрмыс көшесі 6/2 мекен-жайы бойынша орналасқан №42 орта мектепте зерттеу жүргізілді. Зерттеуде 20 жоғары сынып оқушыларына онлайн-форматта 2 саулнама, ZOOM арқылы әңгімелесу әдісі өткізілді.

Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі реттеу және оның жеке профильдерін талдау үшін біз Моросановының «Өзін-өзі басқару мінез-құлқының стилі» саулнамасын қолдандық. Бұл әдіс американдық психолог Дж.Роттердің саулнамасының өзгерілген нұсқасы болып табылады. Саулнама тұлғаның өз іс-әрекеті мен өміріне жауапкершілік деңгейін анықтауға көмектеседі. Әдістеменің мақсаты - жоспарлау, модельдеу, бағдарламалау, нәтижелерді бағалау, икемділік пен дербестік шкалалары бойынша өзін-өзі реттеудің дамуын және жеке профилін диагностикалау. Жоғары сынып оқушыларының мотивациялық жақтарын зерттеу үшін «Жетістікке жету мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» (Реан) әдісін қолдандық. «Өзін-өзі басқару мінез-құлқының стилі» саулнамасын қолдану арқылы алынған нәтижелерді талдаудан бастайық (1 –кесте).

1-кесте. «Өзін-өзі басқару мінез-құлқының стилі» саулнамасының нәтижелері



Зерттеу барысында келесі өзін-өзі реттеу шкалалары индикаторлардың ең жогары көрсеткіштеріне ие болды: икемділік (73,33), жоспарлау (69,44) және бағдарламалау (68,33). Икемділік деңгейі жогары оқушылар күтпеген жағдайларда жоспарлар мен іс-әрекеттердің орындалуын оңай қайта құруға, айтарлықтай өзгеру жағдайын тез бағалауға және іс-қымыл бағдарламасын қайта құруға ыңғайлы мүмкіндік аша алады. Егер ауытқу анықталса, қате фактісін уақтылы бағалау және қажетті түзетулер енгізеді. Реттеуші механизмдердің икемділігі жогары сынып оқушыларына жағдаяттардың тез өзгеруіне лайықты жауап беруге және тапсырманы сәтті шешуге көмектеседі. Жоспарлау шкаласы жогары оқушылар уақыт бойынша үрдістерді реттеуді, үрдістердің арасындағы ұтымды байланыстар мен олардың ортасын ұйымдастыруды жүзеге асырады. Өз уақытын дұрыс, ұтымды, нәтижелі қолдана алады. «Бағдарламалау» шкаласы оқушының іс-әрекетін саналы түрде бағдарламалаудың жеке дамуын диагностикалайды. Бағдарламалау шкаласындағы жогары көрсеткіш жогары сынып оқушыларының мақсатқа жетуі, іс-әрекеті мен мінез-құлқы туралы ойлануға, кеңейтілген бағдарламаларды егжей-тегжейлі жетілдіруге үлесін қосады. Бағдарламалар дербес жасалып, жаңа жағдайларда өзгеруге икемді және араласуға тәзімді болып келеді. Егер қарама-қайшы нәтижелер болса, нәтиже сол адамға қолайлы болуы үшін балама әрекет ету бағытын белгілейді.

Қашықтықтан оқытудың жогары сынып оқушыларының тұлғалық дамуына психологиялық әсерін анықтау үшін «Жетістікке жету мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» (Реан) саулнамасы жүргізілді. Реан ұсынған саулнама оқу іс-әрекетіндегі оң (сәттілікке үміт) және негативті (сәтсіздіктен қорқу) мотивацияны диагностикалау әдісі болып табылады. Саулнаманың нәтижелері бойынша оқушылардың 5% -ы сәтсіздіктен қорқады, саулнамаға қатысқан студенттердің 35% өз еріктерін айқын білдірмейді, ал 60%-ы сәттілікке талпынады (2-кесте). Жетістікке ынталандырудың мұндай жогары деңгейі қашықтықтан оқыту технологиялары жетістік моделінің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіндігін дәлелдейді.

2-кесте. «Жетістікке жету мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» сауалнамасының нәтижелері



Жоғары сынып оқушыларының пікірінше, қашықтықтан оқыту жоспарлау процесіне өзіндік жұмысты үйімдастыруға, оқу материалымен жұмыс жасау дағдыларына, ойды жазбаша түрде жеткізе білуге, танымдық белсененділіктің, шығармашылық ойлаудың дамуына және т.б. айтарлықтай әсер етті.

Респонденттер бұрын-соңды кезікпеген жағдайда білім алуға мәжбүр болды. Дегенмен, жоғарыда айтылып кеткендей, қашықтықтан оқыту жоғары сынып оқушыларының көптеген дағдыларының дамуына үлкен септігін тигізді. Олардың тізіміне уақытты басқару дағдысын қосуға болады. Әңгімелесу әдісі аясында оқушылардың 69,44%-ы өткен уақытпен салыстырғанда, уақытты басқару дағдысына ие болғанын мәлімдеді. Дегенмен, респонденттердің 30,56%-ы өз уақыттарын жоспарлауда қиындықтарға әлі де кезігетінін хабарлады. Қашықтықтан оқытудың жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуына психологиялық әсері өзекті болғанымен, әлі де толықтай зерттелген жоқ. Бұл мәселе білім беруші мен білім алушыға үлкен қызығушылық тудыруды. Сонымен қатар, білім беру мекемесінде қашықтықтан оқыту технологияларын дамыту мен қолдану сапасын жақсарту үшін өте маңызды болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Петькова Ю.Р. История развития дистанционного образования. Положительные и отрицательные стороны. МООС // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 3. – С. 199-204.  
[https://forbes.kz/process/education/minzdrav\\_rk\\_novyiy\\_uchebnyiy\\_god\\_v\\_kazahstane\\_nad\\_o\\_nachat\\_distantionnom/](https://forbes.kz/process/education/minzdrav_rk_novyiy_uchebnyiy_god_v_kazahstane_nad_o_nachat_distantionnom/)
2. Андреев А.А., Солдаткин В.И. Дистанционное обучение: сущность, технология, организация М.: Издательство МЭСИ, 1999. – 196 с.
3. Иванова Т.Н. Теоретико-методологические подходы к изучению социально-трудовой мобильности и профессиональной ориентации молодежи // Балтийский гуманитарный журнал. 2014. № 4. – С. 70-71.